

8.2. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

8.3. Байқау кеңесімен Кәсіпорын байқау кеңесінің, басшының, тиісті саланың уәкілетті органының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

9.1. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

9.2. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттік міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауаптылықта болады.

10. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

10.1. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы немесе Жетісу облысының әкімі аппараты белгілейді.

10.2. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен белгілейді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

11.1. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

11.2. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорында қайта ұйымдастыру және тарату

12.1. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыс әкімінің аппараты шешімі бойынша жүргізіледі.

12.2. Коммуналдық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды облыс әкімінің аппараты жүзеге асырады.

12.3. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе облыс әкімінің аппараты қайта бөледі.

12.4. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасын, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.